



Бекітемін
«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М

2024-2025 оқу жылына балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

Мақсаты: Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайтуға қолдау көрсету және ата-аналар мен білім беру ұйымы арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту.

Міндеттері:

- Балабақша қызметінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету;
- Балалардың тәрбиесі мен дамуына қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесу;
- Материалдық-техникалық базаны нығайтуға қолдау көрсету;
- Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал ету;
- Ата-аналар қоғамдастығы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту;
- Қайырымдылық және демеушілік жұмыстарды ұйымдастыруға қолдау көрсету.

№	Іс-шаралар	өткізу уақыты	Жауапты
1	1. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы туралы есепті тыңдау 2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау	Қыркүйек	Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы
2	1. Күзгі-қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шараларын қарастыру (жылу, сырғанау, төтенше жағдай) 2. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу	Қараша	Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы
3	1. Тәрбиеленушілердің байқауларға, конкурстарға қатысуын қолдау 2. Көктемгі сенбілік және аумақты абаттандыру жұмыстарына қолдау көрсету	сәуір	Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы

4	<ol style="list-style-type: none">1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын қарастыру2. Оқу жылының қорытынды есебін тыңдау және талдау3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысына талдау жасау және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу	мамыр	Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы
---	---	-------	---

**«Kids Avenue» жеке балабақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 24.09.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша директоры, қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы туралы есепті тыңдау.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директор Гаврилина Е.М жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындық жұмыстары туралы есеп берді. Топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының және оқу-дамыту орталықтарының оқу үдерісіне толық дайын екендігі айтылды. Сонымен қатар оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, педагог кадрлардың жасақталуы және материалдық-техникалық базаның жағдайы жөнінде ақпарат ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша директор Гаврилина Е.М тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, асхана жұмысының ұйымдастырылуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы және бейнебақылау жүйесінің жұмыс істеуі қарастырылды.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына оң баға беріп, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

Ата-аналар өкілдері балабақшада жасалған жағдайлар үшін алғыс білдіріп, санитарлық талаптардың тұрақты бақылауда болуын ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
Жауапты: балабақша директоры
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы тұрақты бақылауға алынсын. Ата-аналармен қауіпсіздік және санитарлық талаптар бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
Жауапты: балабақша әкімшілігі, медбике Мерзімі:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.

**«Kids Avenue» жеке балабақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 26.11.2025 жыл

Қатысқандар: Балабақша директор, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Күзгі-қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шараларын қарастыру (жылу жүйесі, сырғанау қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу).
2. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Е.М. Гаврилина сөз сөйлеп, күзгі-қысқы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Жылу жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі, ғимарат ішіндегі температуралық режимді бақылау, сыртқы аумақтың мұздан тазартылуы және сырғанау қауіптерінің алдын алу шаралары қарастырылды. Сонымен қатар төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмі мен қауіпсіздік нұсқаулықтары туралы ақпарат берілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры Е.М. Гаврилина ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жұмыстарды талқылады. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру, ашық есік күндерін өткізу және кері байланысты күшейту мәселелері қарастырылды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бұл бағыттағы жұмыстарды қолдап, ата-аналардың белсенділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізді.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы күзгі-қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шараларының маңыздылығын атап өтіп, балабақша ұжымының жұмысына оң баға берді.

Кеңес мүшелері ата-аналармен серіктестікті күшейту тәрбиелік процестің маңызды бөлігі екенін айтып, ұсыныстарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Күзгі-қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары (жылу жүйесі, сырғанау қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу) тұрақты бақылауға алынсын. Қауіпсіздік және төтенше жағдайлар бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Жауапты: балабақша директоры Е.М. Гаврилина, шаруашылық меңгерушісі

Мерзімі: қыс мезгілі бойы

2. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру мақсатында бірлескен іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылсын. Ата-аналармен кері байланыс (жиналыстар, ашық есік күндері, чат байланысы) күшейтілсін. Жауапты: тәрбиешілер Мерзімі: тұрақты

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.

«Kids Avenue» жеке балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 24.04.2026 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша директоры Е.М. Гаврилина, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәрбиеленушілердің байқауларға, конкурстарға қатысуын қолдау.
2. Көктемгі сенбілік және аумақты абаттандыру жұмыстарына қолдау көрсету.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Е.М. Гаврилина тәрбиеленушілердің аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі байқаулар мен конкурстарға қатысуының маңыздылығын атап өтті. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзін-өзі көрсету мүмкіндігін кеңейту және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында бұл бағыттағы жұмыстарды қолдау қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесі мүшелері қатысушыларға ұйымдастырушылық және мүмкіндігінше материалдық қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры Е.М. Гаврилина көктемгі сенбілік пен аумақты абаттандыру жұмыстарының жоспарын таныстырды. Балабақша аумағын көгалдандыру, тазалық жұмыстарын жүргізу, гүл егу, ойын алаңдарын ретке келтіру және қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Кеңес мүшелері бұл бастаманы қолдап, ата-аналарды сенбілікке тарту бойынша ұсыныстар енгізді.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы балалардың шығармашылық дамуын қолдау – кеңестің негізгі міндеттерінің бірі екенін атап өтті және ұсынылған жұмыстарды қолдайтынын білдірді.

Кеңес мүшелері көктемгі абаттандыру жұмыстарына белсенді қатысуға дайын екендерін айтып, бірлескен жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тәрбиеленушілердің байқаулар мен конкурстарға қатысуына қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын. Байқауларға қатысатын балалар мен педагогтерге ұйымдастырушылық қолдау көрсетілсін.

Жауапты: балабақша директоры Е.М. Гаврилина, Мерзімі: тұрақты

2.Көктемгі сенбілік және аумақты абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылсын. Ата-аналарды көктемгі сенбілікке тарту және бірлескен іс-шаралар өткізу күшейтілсін.

Жауапты: балабақша әкімшілігі, Қамқоршылық кеңесі

Мерзімі: көктем мезгілі

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.

**«Kids Avenue» жеке балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 27.05.2026жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Қатысқандар:

Балабақша директор, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын қарастыру.
2. Оқу жылының қорытынды есебін тыңдау және талдау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысына талдау жасау және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Е.М. Гаврилина жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазғы күн тәртібін тиімді ұйымдастыру және серуендік-сауықтыру іс-шараларын өткізу мәселелері қарастырылды. Қауіпсіздік талаптары мен санитарлық нормалардың сақталуына ерекше назар аудару қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры Е.М. Гаврилина оқу жылының қорытынды есебін ұсынды. Есепте оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері, балалардың даму көрсеткіштері, педагогтердің кәсіби жетістіктері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және материалдық-техникалық базаның жағдайы талданды. Жыл бойғы жұмыстар қанағаттанарлық деп бағаланды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жыл бойғы атқарылған жұмыстарға талдау жасады. Кеңес отырыстарының жоспарға сай өткізілгені, қабылданған шешімдердің орындалуы және балабақшаға көрсетілген қолдау түрлері қарастырылды. Келесі оқу жылына ұсыныстар енгізілді: ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту, балалардың қауіпсіздігін арттыру, материалдық-техникалық базаны жетілдіру және қайырымдылық бағытындағы жұмыстарды жалғастыру.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы балабақша ұжымының жылдық жұмысына оң баға беріп, жазғы кезеңді сапалы ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті.

Кеңес мүшелері оқу жылының нәтижелерін қанағаттанарлық деп бағалап, алдағы оқу жылында бірлескен жұмысты жалғастыру қажеттігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Балалардың жазғы кезеңдегі қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарының сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

Жауапты: балабақша директоры Е.М. Гаврилина, Мерзімі: жазғы кезең

2.2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

3.Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Келесі оқу жылына ұсыныстар:

- ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту;
- материалдық-техникалық базаны жетілдіру;
- балалардың қауіпсіздігін арттыру;
- демеушілік және қайырымдылық жұмыстарын жалғастыру.

Жауапты: Қамқоршылық кеңесі Мерзімі: 2026–2027 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.